# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» СЫЙЛЫҒЫ АҚАДЫРДА

**Халықаралық "Алаш" сыйлығы - қазақтың елдік туын алғаш көтерген қалам қайраткерлеріне ескерткіш ретінде Қазақстан Жазушылар одағы тағайындаған әдеби сыйлық. "Алаш" сыйлығы 1992 жылдан бастап баспадан жарық көрген жаңа туындылардың үздік деп танылғандарына екі жылда бір рет беріліп тұрады.**



Жуырда одақ секретариатының шешімімен еліміздің бірқатар ақын- жазушыларына Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығы берілді. Онда Қарағанды облысы бойынша осы сыйлықтардың иелері болып ақадырлық көрнекті жазушы, прозашы Өмір Кәріпұлы мен қарағандылық жазушы, жорналшы, этнограф Майбас Төрехан танылды.

Жазушы Өмір Кәріпұлы өмір бойы ауылда тұрса да қарымды қаламымен көптеген романдар мен повесттерді дүниеге әкелді. Танымды еңбектерінде ауыл өмірін, олардың тыныс-тіршілігін, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет - ғұрпын оқырмандарына оралымды жеткізеді. Жарыққа шығарған әрбір кітабы ұлттық тәрбиеге негізделген.

Жерлесімізге аталған сыйлық 82 жасында жазып бітірген «Бастау» романы үшін беріліп отыр. Заманымыздың екпініне құрылған көлемді туындысында қазақ елінің өткені мен бүгіні әдемі суреттелген. Белгілі қаламгердің бұл туындысы оқырмандарын ой тереңдігімен, тіл көркемдігімен баурайды.

Халықаралық сыйлықпен марапатталған Өмір Кәріпұлын Ақадыр кентінің әкімі Қойшыбаев Мерей Жасұланұлы мен мемлекеттік қызмет саласының ардагері Бекқожин Қалижан Қазкенұлы арнайы құттықтап барды.

Қарт қаламгерімізді осынау беделді сыйлығымен құттықтай отырып, оған мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Жазарыңыз, оқырмандарға берерініз таусылмасын, Өмеке!

**Өз тілшімізден.**
**Ақадыр кенті.**

**Шет шұғыласы,2024.-9 мамыр (№19).- 2 б.**